

«Қазіргі замандағы діни философиядағы антропологиялық дискурс» пәні бойынша семинар сабақтарының әдістемелік нұсқаулығы

«Қазіргі замандағы діни философиядағы антропологиялық дискурс » пәнінен семинарға дайындалу барысында докторант дәріс кезінде берілген негізгі ғылыми, дінтанулық бағытты басты ұстанымға алып, келесі құзыреттерді меңгеруі керек:

- Құдай мен адамқарым-қатынасы, жан және жанның мәңгілігі, адамның рухани өмірінің мәні философиялық және ғылыми тұрғыда қарастыру және осы мәселелерге қатысты қазіргі діни көзқарастарды сараптау;
- XX ғасырдағы Батыстық және Шығыстық діни философия өкілдерінің адам мәселесіне байланысты көзрастарымен танысу және талдау;
- XX ғасырдағы философиялық антропологияның негізгі кезеңдеріне шолу жасау;
- XX ғасырдың бірінші жартысындағы батыс философиясының адам мәселесіне бағытталуының идеялық түпнегіздерін сараптау ;
- «Адам туралы ғылымдардың» арасындағы философиялық антропологияның алатын орнын анықтау;
- Түркі әлеміндегі антропологиялық ізденістерді талдау.

Докторанттың семинарға дайындалуы

Семинарға дайындала отырып, докторант мына талаптарды басшылыққа алуы керек:

- ұсынылған әдебиеттермен танысу;
- мәселе бойынша түрлі көзқарастарды қарастыру;
- проблемалы мәселерді бөлу;
- өз көзқарасын қалыптастыру;
- даулы сәттерді қарастыру және пікірталас мәселесін шешу.

Докторанттың семинарға дайындалу әдістемесі.

Дайындық кезінде докторант мәселені дұрыс бағалауы тиіс және берілген тапсырма тақырыбын толығымен ашуға міндетті. Оқытушы ұсынған негізгі және қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, қойылған сұраққа дұрыс және нақты жауап беру керек.

Докторанттың кез келген сөз сөйлеуіне қойылатын талаптар тізімі шамамен төмендегідей:

- жоспарлау - басты мәселелерді бөліп алу;
- мәселенің мәнін ашу;
- мәселенің барлық аспектілері жариялануы тиіс, сұраққа жауап бергенде сөйлемнің толық болуы мен аяқталуы керек;
- студенттің сөз сөйлеуі логика талаптарына сай болуы керек;

- айтылған проблеманы айқын ажырату, оның нақты тұжырымдалуы;
- сөз сөйлеу тақырыппен немесе сұрақпен байланысты болуы керек;
- дәлел келтіргенде, қарама-қайшы келмейтін және толық дәлелдеме болуы керек;
- ұғымдар мен терминдерді дұрыс және мазмұнды пайдалану;
- пікірталас, пікірталасуды қолдау, басқа студенттердің жауаптарына талдау жасау;
- оқытушының немесе басқа докторанттардың тақырыпқа қатысты семинар барысында айтқан құнды пікірлерін немесе жаңа ақпаратты жүйелі түрде жазып отыру;
- докторанттың оқытушыға және топтастарына қарым-қатынасы - сыйластық, өзара сын.